

«Аққу бөбекжай» КМҚК-ның қамқоршылық кеңес отырысы
ХАТТАМА №1

Өтілген күні: 02.09.2025 жыл

Қатысқандар: 10 адам

Комиссия мүшелері:

Садыкова Рауана Жумабековна
Саменбаева Ляззат Багдатовна
Баратова Фариза Куттибек кизи
Агулов Саят Женисович
Аврай Алемгул
Калмагамбетова Нурмат Бектыбаевич
Уйсэв Амангүл

Шақырылды: Бөбекжай директоры м.а. – А.С.Сагындыкова
Бөбекжай есепшісі – Л.В.Ельцова
Бөбекжай медбикесі – Ж.Г.Шертышева
Бөбекжай әдіскер – А.А.Жашкеева

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістермен ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 үлгілік қағидаларымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен хатшысымен таныстыру.
3. Бөбекжай директоры м.а. А.С.Сагындыкованың мекеме қызметінің басым бағыттары туралы есебі.
4. Кеңестің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту
5. Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекті анықтау, тізімін ұсыну.
6. Әр түрлі мәселелер

I ТЫҢДАЛДЫ: Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістермен ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 үлгілік қағидаларымен таныстыру.

СӨЙЛЕДІ: Бірінші сұрақ бойынша бөбекжай директоры м.а. А.С.Сагындыкова тыңдалды. Ол қатысушыларды Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістермен ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 үлгілік қағидаларыме таныстырып, білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемесінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыратындығына тоқталып өтті.

Шешім: Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыруда және оны сайлау тәртібінде берілген үлгілік қағидалар ережесі басшылыққа алынсын.

II ТЫҢДАЛДЫ: Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен хатшысымен таныстыру.

СӨЙЛЕДІ: Екінші сұрақ бойынша бөбекжай директоры м.а. А.С.Сагындыкова тыңдалды. А.С.Сагындыкова қамқоршылық кеңес құрамына кандидаттармен таныстырды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес 3 жылға сайланады. Биылғы оқу жылында қамқоршылық кеңес мүшелеріне өзгеріс енгізілген жоқ.

«Аққу бөбекжай» КМҚК-ның қамқоршылық кеңес құрамына:

Садыкова Рауана Жумабековна	ГЦВП, әлеуметтік қызметкер
Саменбаева Ляззат Багдатовна	Қарағанды облысының және Ұлытау облысының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы 3 полиция батальонының қызметтік ғимаратты жинаушы.
Баратова Фариза Куттибек кизи	КГП ЦБ г.Абай, медбике
Агулов Саят Женисович	Абай атындағы шахта, шахтер
Аврай Алемгул	№10 мектеп гимназиясы бастауыш сынып мұғалімі
Калмагамбетов Нурмат Бектыбаевич	Инженер Арселор митлл
Уйсэв Амангүл	үйбикесі

Қамқоршылық кеңестің хатшысы ретінде бөбекжайдың педагогі Рахимжанова Алия Ерсеновнаны сайлауды ұсынды.

Шешім: «Аққу» бөбекжай» КМҚК-ның қамқоршылық кеңестің хатшысы сайлансын.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: бөбекжай директоры м.а. А.С.Сагындыковнаның мекеме қызметінің басым бағыттары туралы есебі.

СӨЙЛЕДІ: Үшінші сұрақ бойынша бөбекжай директоры м.а. А.С.Сагындыковнаның мекеме қызметінің басым бағыттары туралы есебі тыңдалды. Есеп беру барысында бөбекжайдың басты міндеттерінің бірі мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу, мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу және балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау екендігін және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау үшін заттық-дамытушы ортаны қалыптастыру қажеттілігі жөнінде атап өтті.

Шешім: «Аққу бөбекжай» КМҚК мекеме басшысының есебі есепке алынсын.

ІV ТЫҢДАЛДЫ: Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарын талқылау.

СӨЙЛЕДІ: Төртінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы Аврай Алемгуль Қамқоршылық кеңес мүшелерінің назарына қамқоршылық кеңестің 2025-2026 жылына арналған жұмыс жоспарын ұсына отырып, жоспар ауқымды, барлық мәселелер толық қамтылғанын атап өтті.

Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын өзгертулер мен толықтыруларсыз бекітуді ұсынды.

Дауыс берді: «Иә» - 7

«Қарсы» - 0

Шешім: «Аққу» бөбекжай» КМҚК қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары өзгеріссіз және толықтырусыз бекітілсін.

V ТЫҢДАЛДЫ: Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекті анықтау, тізімін ұсыну.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай директоры м.а. А.С.Сагындыкова биылғы оқу жылында бөбекжайда аз қамтылған отбасы жоқ, 60 көпбалалы отбасы бар екенін айтты. 60 көпбалалы отбасынан шыққан балаларға Абай ауданының мәслихатының 2014 жылғы 12 маусымдағы 30 сессиясының «Абай ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың

қағидаларын бекіту туралы» № 30/310 шешімінің 2 тарауына сәйкес «Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мұқтаж алушылардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу».

6. Мерекелік күндерге әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына ақшалай төлемдер түрінде бір рет көрсетіледі:

5) 25 қазан - Республика күні:

- Абай ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқитын төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға білім беру бөлімінің тізімдеріне сәйкес 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ата - ана жарналарына жұмсалатын шығындарды 60 көпбалалы отбасы өтеуге.

Қазіргі күнде көпбалалы отбасылар туралы мәліметтерді жинақтап, тізіммен бірге аудандық білім бөліміне және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тапсырғалы отырмыз, - деді.

Шешім:

1. «Аққу» бөбекжай» КМҚК-на қамқоршылық кеңестің құрамы өзгеріссіз қалсын.
2. Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Көпбалалы отбасылар туралы мәліметтерді жинақталып, тізімі бекітілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы






Аврай А.

Хатшы



Рахимжанова А.Е.

Комиссия мүшелері:

Садыкова Рауана Жумабековна	
Саменбаева Ляззат Багдатовна	
Баратова Фариза Куттибек кизи	
Агулов Саят Женисович	
Аврай Алемгул	
Калмаганбетов Нурмат Бектыбаевич	
Уйсэв Амангүл	